

**Резюме**

Жарықпоптикалық микроскоп арқылы арпа және бидайдың эмбриондегі каллустарындағы қарқынды боялған клеткаларда бағдарламалы өлеңтін клеткаларға тән белгілер бар екені анықталды: ядроның бұзылуы және оның цитоплазмаға шыгуы, пеприплазмалық кеңістіктің пайда болуы, клетка қабыргасының калыңдауы, клеткалар көлемінің өсуі, тотығу-тотықсыздану үрдістерінің белсенділігінің жогарылығы және цитоплазманың pH-ның қышқылдануы. Қосымша, акридина оранж және TUNEL әдісімен флуоресценттік микроскоп арқылы ядроның бұзылуы және ДНК молекуласының нуклеосом аралық фрагменттерінің байкалды, олар апоптозға тән белгілер болып саналады.

**Summary**

By the use of light microscopy it has been revealed, that intensively stained degraded cells of embryogenic calli have characteristic features of cells with signs of programmed cell death: destruction of a nuclear material and output in cytoplasm, shrinkage of cytoplasm, presence of periplasmatic space between the cytoplasm and the cell wall, thickened cell wall, increase of cells sizes, high activity of oxidative-reductive processes and decrease of cytoplasm pH. Additionally, destruction of nuclear material and internucleosomal fragmentation of DNA molecules, which are appeared to be a main attributes of apoptosis, has been revealed by the use of fluorescent microscopy and staining by acridine orange and according the TUNEL method.

*M. С. ҚҰЛБАЕВА, С. Т. ТӨЛЕУХАНОВ*

## **ҚАЛЫПТЫ ЖАҒДАЙДА ЖӘНЕ ШУ ӘСЕРІНЕ ЖАНУАРЛАРДЫҢ АУРИКУЛЯРЛЫ БИОБЕЛСЕНДІ НҮКТЕЛЕРІНІҢ ЭЛЕКТРӨТКІЗГІШТІК КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ӨЗГЕРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*(әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)*

Шудың 1 сағаттық әсеріне түскен жануарлардың аурикулярлы биобелсенді нүктелерінің электроткізгіштігі зерттелді. Барлық аурикулярлы биоактивті нүктелердің электроткізгіштік көрсеткіштері қалыпты жағдайдағы жануарларға қарағанда жогарылағаны байқалды.

Қазір техниканың дамуынан адамдар шудың тұрақты қоршауында өмір сүріп келеді. Шуға бейімделу мүмкін емес. Қөптеген елдерде қазір тыныштықтың қажеттілігі жалпы мәселе болып қалыптасты. Соңғы он жылдарда осындай кері құбылыстармен құресу мәселесі ең қажеттіліктің бірі болып саналады.


Өндіріске жаңа технологиялық процестердің енуінен, технологиялық құрылғылардың қуаттылығынан, өндірістік процестердің механизациялауынан адам жұмыс орнында да, тұрмыста да жоғары деңгейдегі шудың қоршауында өмір сүріп келеді. Шу шығармайтын техниканы, өндірістік және тұрмысымызды мысал келтіру қазіргі таңда өте қыын. Сонымен бірге мейрамханалардағы музыка шуы, жан-жақтан автомобилдердің ызырығы, трамвайлардың тарсылы, мотоциклдер мен тік ұшақтардың гүрілдері, реактивті ұшақтардың құлақ тұндырыларлық дыбыстары естіліп жатады. Сол себепті де шу организмге әсер ететін стресс факторлардың бірі болып саналады [1, 3].

Егер откен жылдардың 60–70-жылдары көшедегі шу 80 дБ аспаса, қазіргі таңда ол 100 дБ немесе одан да асып түседі. Қөптеген магистральдарда тұнгі уақытта шу 70 дБ-ден төмен емес, ал санитарлық нормалар


бойынша ол 40 дБ-ден аспау керек. Мамандардың анықтауы бойынша, ұлкен қалаларда шу әр жыл сайын 1 дБ өсіп отырады.

Шудың деңгейі 20–30 децибелл (дБ) болса, онда ол адамға зиянсыз болып саналады, бұл табиги шу фонды. Рұқсат етілген деңгейінің шегі шамамен 80 дБ-ге тең. 81–90 дБ-дегі шу жағымсыз әсерлерді тудырады, 120–130 дБ кезінде – ауыртпалықтар сезіле бастайды, 150 дБ кезінде – есту функциясы қайтысyz жоғалады, 180 дБ-ден асса – өмірге қауіп тудырады. Салыстырмалы ретінде мысал келтірсек: жапырактардың сыйдыры – 10 дБ, 1 м қашықта тұрған сағаттың тықылдауы – 30 дБ, қалыпты сөйлеу – 60 дБ, токарь станогы – 85–95 дБ, құрылым мекемелері – 95–105 дБ, автомобилдер – 80–100 дБ, темір жол транспортты – 100–110 дБ, жай ұшақтар – 120 дБ, реактивті ұшақтар – 140 дБ [1, 6] деңгейде шу шығарады.

Шудың әсерінен бас ауруы мен құлақта шу пайда болады, есту аппаратының патологиялық ауруларға, құлақ мүкістігі немесе керендейкке ұшырайтыны анықталып зерттелген. Сонымен бірге орталық нерв және жүреккан тамырлар жүйесінің, көру және сезім мүшелерінің функциялары өзгеріске ұшырайды, асқа-



1-гистограмма. Қояндардың оң жақ құлағындағы аурикулярлы биobelсенді нүктелерінің электроткізгіштігі ( $p < 0,05$ )



2-гистограмма. Қояндардың сол жақ құлағындағы аурикулярлы биobelсенді нүктелерінің электроткізгіштігі ( $p < 0,05$ )

зан-ішек жолының қызметі бұзылады. Шудың вестибулярлы аппаратына әсері, қозгалу координациясының бұзылуы, назар аудару, түстерді ажырату және дыбыстық сигналдарды қабылдауыш нашарлайтыны, шаршағандық пен организмнің ерте қажуы басталатыны анықталған. Шудың кумулятивті әсері де бар. Адамның жасы есken сайын шу әсеріне организмнің тітіркену реакциясы да арта бастайды. Шудың әсері тудыратын әртүрлі кәсіптік аурулар (тоқымашылар, токарь ұсталары т.б.) дәрігерлердің негізгі проблемаларының бірі болып са-

налады [2, 3, 5].

#### МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕРІ

Біздің алдымызға қойған мақсат – қалыпты жағдайда және шудың организмге тигізетін әсерін биobelсенді нүктелердің электроткізгіштігі бойынша зерттеу болды. Эксперимент 16.30–18.30 сағат аралығында жүргізілді. Зерттеу жұмысының обьектісі – қоянның шиншилла тұқымдасы, салмақтары 3–4 кг,

біркелкі сұр түсті, жасы 8-12 ай аралығындағы екі жыныс особытары, жалпы саны – 18. Екі топқа бөлінген қояндардың бірінші тобы қалыпты жағдайда, екінші тобы 100 дБ-ге тең шу тудыратын аппаратта 1 сағаттан ұсталды. Екі топтағы қояндардың сол жақ (№№ 5, 6, 13, 15, 22, 24) және оң жақ (№№ 5', 6', 13', 15', 22', 24') аурикулярлы биоактивті нүктелерінің электроткізгіштігі арнайы «Поиск» аспабында тіркелді. Айырмашылықтардың растылығы Стъюдент t-критерийі бойынша статикалық өндөуден өтті. Жынысы бойынша айқын көрінетін өзгерістер байқалған жоқ.

1-ші топтағы қалыпты жағдайдағы қояндардың биологиялық аурикулярлы нүктелерінің электроткіз-гіштігі - №5-28,1±1,3; №5'-28,0±1,1; №6-28,1±1,3; №6'-27,8±1,3; №13-28,8±1,6; №13'-29,0±1,9; №15-28,6±1,9; №15'-28,4±1,9; №22-29,1±1,9; №22'-28,6±1,8; №24-28,9±1,9; №24'-28,6±1,8; ал 2-ші топтағы шу әсерінде болған қояндарда - №5-35,5±2,4; №5'-34,0±2,0; №6-36,1±2,6; №6'-35,1±2,5; №13-38,0±2,1; №13'-38,0±2,7; №15-37,8±2,8; №15'-37,5±2,8; №22-38,6±2,9; №22'-39,0±2,2; №24-38,0±2,8; №24'-39,3±2,4 көрсеткіштеріне тең болды. Қалыпты жағдайда болған қояндардың сол жақ және оң жақ құлақтарындағы аурикулярлы биobelсенді нүктелерінің электроткізгіштік көрсеткіштері 28,0-ден 29,1-ге дейінгі аралықты, ал шу әсеріне түсken қояндарда – 34,0-ден 39,3-ке дейінгі аралықты алып жатыр. 1-топтағы қояндардың оң жақ құлағындағы аурикулярлы биobelсенді нүктелерінің ең төмен электроткізгіштік көрсеткіші №6'-27,8±1,3; ең жоғарғысы - №13'-29,0±1,9 тең. Осы топтағы қояндардың сол жақ құлағындағы аурикулярлы биobelсенді нүктелерінің ең төмен электроткізгіштік көрсеткіші №5-28,1±1,3 және №6-28,1±1,3, ал ең жоғарғысы №22-29,1±1,9 тең. 2-топтағы қояндардың оң жақ құлағындағы аурикулярлы биobelсенді нүктелерінің ең төмен электроткізгіштік көрсеткіші – №5'-34,0±2,0; ең жоғарғысы – №24'-39,3±2,4; ал сол жақ құлағындағы аурикулярлы биobelсенді нүктелерінің ең төмен электроткізгіштік көрсеткіші №5-35,5±2,4 және ең жоғарғы көрсеткіші – №22-38,6±2,9 байқалады (1, 2- гистограммалар).

Шу әсерінде болған қояндардың сол жақ және оң жақ құлақтарындағы барлық аурикулярлы биobelсенді нүктелерінің электроткізгіштігі қалыпты жағдайда болған қояндармен салыстырғанда жоғарылаған. Жалпы организмнің функциональды күйін көрсететін биobelсенді нүктелердің бұл өзгерістері шу факторының организмдегі процестердің қалыпты қызметіне көрініс тигізіп тұрганын көрсетеді.

## ӘДЕБІЕТ

1. Калита Н.Л. Борьба с производственным шумом. Алма-Ата: Казахстан, 1985. 43 с.
2. Шум и шумовая болезнь / Под ред. проф. Е.Ц.Андреевой-Галаниной. Л.: Медицина, 1972. 303 с.
3. Мурожанная С.И. Бытовой шум и борьба с ним. Изд. 4-е. М., 1966. 52 с.
4. Орловская Э.П. Влияние шума на организм и работоспособность человека. Киев: УкрНИИНТИ, 1970.
5. Тулеуханов С.Т. Биологически активные точки наружной ушной раковины кроликов и динамика их суточной активности // Генетические и биоэнергетические исследования организмов. Алма-Ата, 1982. С.138-149.
6. Тулеуханов С.Т., Гумарова Л.Ж. Хроноструктура электрических показателей кожи как индикатор физиологических состояний организма // Материалы II Международной научно-практической конференции. Караганда, 2003. 2-я ч. С.28-29.
7. Ақшалова Л.М., Тулеуханов С.Т. Мектеп жасына дейінгі балалар терісіндегі биоактивті нүктелердің электроткізгіштігінің маусымдық динамикасы // Материалы съезда физиологов Казахстана “Физиология, адаптация, стресс”. Караганда, 2003. С.31-32.
8. Тулеуханов С.Т., Гумарова Л.Ж. Сравнительный анализ структурных параметров суточной динамики ряда электрофизиологических параметров биоактивных точек кожи. // Материалы международ. научно-практической конф., посвящ. 10-летию РК “Актуальные проблемы экспер. и клинич. физиологии”. Алматы, 2001. С.363-366.
9. Тулеуханов С.Т., Ившина С.Ю., Гумарова Л.Ж. О биологически активных точках (БАТ) кожного покрова человека и животных // Вестн. КазГУ. Сер. биол. 1995. Вып. 2. С.180-193.
10. Карагодина И.Л. и др. Городские и жилищно-коммунальные шумы и борьба с ними. М.: Медицина, 1963.
11. Алан Белл. Шум. Профессиональная вредность и общественное зло. Женева, 1967.
12. Лувсан Г. Традиционные и современные аспекты восстановочной рефлексотерапии. М.: Наука, 1986. 608 с.
13. Табеева Д.М. Руководство по иглорефлексотерапии. М.: Медицина, 1982. 560 с.
14. Вогралик В.Г., Вогралик М.В. Пунктурная рефлексотерапия: Чжень-цю. Горький: Волго-Вят. кн. изд-во, 1988. 335 с.
15. Подшибякин А.К. Некоторые данные к экспериментальному выяснению механизмов рефлексотерапии // Иглорефлексотерапия. Горький: Волго-Вят.кн.изд-во, 1974. С.10-13.

## Резюме

Исследована электропроводность аурикулярных биоактивных точек у животных, подвергавшихся воздействию шума в течение 1 ч. Показатели электропроводности во всех биоактивных точках по сравнению с нормой повышаются.